

Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының арасындағы табыс пен мүлікке (капиталға) қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 21 қазан N 88-II

Душанбеде 1999 жылғы 16 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының арасындағы табыс пен мүлікке (капиталға) қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының арасындағы табыс пен мүлікке (капиталға) қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы
КЕЛІСІМ**

(2000 жылғы 7 қарашада күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы екі Мемлекет арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту мен нығайту ұмтылысын басшылыққа ала отырып және табыс пен мүлікке (капиталға) салынатын қосарланған салық салуды болдырмау мақсатында осы Келісімді жасауды ұйғарды және төмендегілер туралы келісті:

1-бап Келісім қолданылатын тұлғалар

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап Келісім қолданылатын салықтар

1. Осы Келісім салық алу әдістеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті өкімет органдарының атынан алатын табыс пен мүлікке (капиталға) салынатын салықтарға қолданылады.

2. Табыс пен мүлікке (капиталға) салынатын салықтар деп жылжитын немесе жылжымайтын мүлікті шеттетуден алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін ырыздықаның немесе жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтарды, сондай-ақ капитал құнының өсіміне салынатын салықтарды

қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан, капиталдың жалпы сомасынан немесе табыстың немесе капиталдың жекелеген элементтерінен алынатын салықтардың барлық түрлері саналады.

3. Осы Келісім қолданылатын қазіргі салықтар атап айтқанда, мыналар болып табылады:

- а) Қазақстан Республикасында:
 - заңды және жеке тұлғалардың табысынан алынатын салық;
 - заңды және жеке тұлғалардың мүлкінен алынатын салық;
(бұдан әрі - "қазақстан салығы" деп аталады);
- б) Тәжікстан Республикасында:
 - заңды тұлғалардың табысынан (пайдасынан) алынатын салық;
 - азаматтардан алынатын табыс салығы;
 - заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;
(бұдан әрі - "тәжік салығы" деп аталады).

4. Осы Келісім сондай-ақ оған қол қойылған күннен кейін қолданылып жүрген салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын кез келген ұқсас және іс жүзіндегі осындай салықтарға қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің тиісті салық заңдарындағы кез келген елеулі өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етіп отырады.

3-бап Жалпы анықтамалар

1. Егер түпнұсқа мәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісімнің мақсатында:

а) "Уағдаласушы Мемлекет (Мемлекет)" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет (басқа Мемлекет)" терминдері мәтінге байланысты Қазақстан Республикасын немесе Тәжікстан Республикасын білдіреді;

б) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді. Географиялық мағынасында пайдаланғанда "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан заңдарына және халықаралық уағдаластықтарға сәйкес өзінің егеменді құқықтары мен заңдық хүкімін жүзеге асыратын және оның салық заңдары қолданылатын аймақтарды қамтиды;

в) "Тәжікстан" термині Тәжікстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынасында пайдаланғанда, оның аумағын, кезде Тәжікстан Республикасы халықаралық құқық нормаларына сәйкес жер қойнауы мен табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі құқықтарды қоса алғанда, егеменді құқықтары мен заңдық хүкімін жүзеге асыра алатын және Тәжікстан Республикасының заңдары қолданылатын оның аумағын, ішкі суларын, оның үстіндегі әуе кеңістігін қамтиды;

г) "тұлға" термині жеке тұлғаны, заңды тұлғаның филиалын және заңды тұлғаның өкілдігін және (немесе) заңды тұлғаны білдіреді;

д) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны" және "басқа Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорыны" терминдері тиісінше бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді ;

е) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі, темір жол немесе автомобиль көлігі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің пункттері арасында ғана пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен, темір жол немесе автомобиль көлігімен жүзеге асырылатын кез келген тасымалды білдіреді.

ж) "кәсіпорынды басқарудың нақты орыны" термині осы кәсіпорынның қызметін нақты жүзеге асыру және осы кәсіпорынға жоғарыдан бақылау жасайтын органдардың орналасқан жеріне және өз қызметінен кәсіпорынның табыс табатын орнына қарамастан осы кәсіпорынды күн сайын басқару орынын білдіреді.

з) "ұлттық тұлға" термині:

(I) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;

(II) Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өз мәртебесін алған кез келген заңды тұлғаны білдіреді;

и) "капитал" термині жылжымайтын және жылжымайтын мүлікті қолда бар ақша қаражатын, акцияларды, облигацияларды немесе мүліктік құқықты растайтын басқа да құжаттарды, вексельдерді немесе басқа борыштық міндеттемелерді, сонымен қатар патенттерді, тауар белгілерін, авторлық құқықтарды немесе басқа да осындай құқықтарды немесе мүлікті білдіреді, бірақ, бұлармен шектелмейді.

к) "құзыретті орган" термині:

(I) Қазақстан Республикасында - Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

(II) Тәжікстан Республикасында - Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді .

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Келісімді қолданғанда, онда айқындалмаған кез келген термин, егер мәтіннен өзгеше мағына туындамаса, осы Келісім қолданылатын салықтарға қатысты осы Мемлекеттің заңдары бойынша ол қандай мағынада пайдаланылса, сондай мағынаға ие болады. Уағдаласушы Мемлекеттің қолданатын салық заңдары бойынша кез келген мағына осы Мемлекеттің басқа заңдары бойынша терминге берілетін мағынадан жоғары тұрады.

4-бап Резидент

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық салық заңдарына сәйкес резидент мәртебесін алған кез келген тұлғаны білдіреді .

Термин сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің әкімшілік бөлімшесін немесе

жергілікті өкімет органдарын қамтиды.

Алайда бұл термин осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табыстарға қатысты немесе онда орналасқан мүлікке (капиталға) қатысты ғана осы Мемлекетте салық салынуға тиіс кез келген тұлғаны қамтымайды.

2. Егер, осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, оның мәртебесі былай анықталуға тиіс:

а) ол өзінің иелігіндегі тұрақты баспанасы орналасқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол барынша тығыз жеке және экономикалық байланыстары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекеті анықтау мүмкін болмаса не егер оның осы Мемлекеттердің біреуінде де өзінің иелігінде тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

в) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса не олардың біреуінде де тұрмаса, ол азаматы болып табылатын Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

г) егер резиденттің мәртебесі а) - в) тармақшаларына сәйкес анықталмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға болып табылмайтын тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда ол өзінің іс жүзіндегі басқару орны орналасқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі. Егер тұлғаның іс жүзіндегі басқару орны қайда орналасқанын анықтау мүмкін болмаса, онда Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы мәселені өзара келісім бойынша шешуге тырысатын болады. Егер құзыретті органдар өзара келісімге келе алмаса, онда осы Келісімді қолдану мақсаттары үшін мұндай тұлға Уағдаласушы екі Мемлекеттердің біреуінің де резиденті болып есептелмейді.

5-бап Тұрақты мекеме (өкілдік)

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "тұрақты мекеме (өкілдік)" термині өзі арқылы кәсіпорынның экономикалық (кәсіпкерлік) қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме (өкілдік)" термині атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

- а) басқару орнын;
- б) бөлімшені;
- в) кеңсені;
- г) фабриканы;
- д) шеберхананы;

е) шахтаны, мұнай немесе газ скважинасын, карьер немесе табиғи ресурстар өндірілетін кез келген басқа орынды;
ж) тауарларды сату мақсатында пайдаланылатын қойма немесе кез-келген басқа ғимараттар .

3. Сондай-ақ "тұрақты мекеме" термині мыналарды қамтиды:

а) құрылыс алаңын немесе құрылыс, монтаждау немесе құрастыру объектісін немесе осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтерді, егер мұндай алаң немесе объект 6 айдан астам уақыт кезеңі бойы болса немесе мұндай қызметтер 6 айдан астам уақыт кезеңі бойы көрсетілетін болса ғана;

б) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғыны немесе ғимаратты немесе осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтерді немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысын немесе кемеңі, егер мұндай пайдалану 6 айдай астам уақыт кезеңі бойы созылса немесе мұндай қызметтер 6 айдан астам уақыт кезеңі бойы көрсетілетін болса ғана;

в) консультациялық қызметтерді қоса алғанда, резиденттердің қызметшілер немесе осындай мақсаттар үшін резидент жалдаған персонал арқылы қызмет көрсетулерін, бірақ егер осындай сипаттағы іс-әрекет ел шегінде 6 айдан астам уақыт кезеңі бойы жалғасса .

4. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, "тұрақты мекеме (өкілдік)" термині :

а) құрылыстарды және жабдықтарды кәсіпорынға тиесілі тауарлар мен бұйымдарды тек сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

б) кәсіпорынға тиесілі тауарлар мен бұйымдардың қорларын тек сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

в) кәсіпорынға тиесілі тауарлар мен бұйымдардың қорларын тек басқа кәсіпорынның қайта өңдеу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

г) тұрақты қызмет орнын тек тауарларды немесе бұйымдарды сатып алу не кәсіпорын үшін ақпарат жинау мақсаттары үшін ғана ұстауды;

д) тұрақты қызмет орынын тек кәсіпорын үшін жарнама немесе ғылыми зерттеулер сияқты дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру үшін ғана ұстауды ;

е) а)-дан е)-тармақшасына дейінгілерде санамаланған қызмет түрлерінің кез келген амалын, осындай амал нәтижесінде туындайтын тұрақты қызмет орынының жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда, жүзеге асыру үшін ғана тұрақты қызмет орнын ұстауды қамтымайды .

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер осы баптың 6-тармағы қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорынның атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорынның атынан келісім-шарттар жасауға өкілеттігі болса және оны әдетте пайдаланып жүрсе, онда бұл

кәсіпорын осы тұлға кәсіпорын үшін қолданатын кез келген қызметке қатысты, егер оның қызметі осы баптың 4-тармағында көрсетілгенмен шектеліп қалмайтын болса және егер тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылса да осы тұрақты қызмет орнын тұрақты мекемеге айналдырмайтын болса, осы Мемлекетте тұрақты мекемесі (өкілдігі) бар кәсіпорын ретінде қарастырылады.

6. Кәсіпорын делдал, комиссиялық агент не тәуелсіз мәртебесі бар басқа агент арқылы осы Мемлекетте экономикалық (кәсіпкерлік) қызметті жүзеге асыратындықтан ғана, осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызмет шеңберлерінде әрекет еткен жағдайда, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі (өкілдігі) бар болып есептелмейді.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын заңды тұлғаның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын заңды тұлғаны бақылау немесе өзінің бақылану немесе осы басқа Мемлекетте (не тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы не басқа жолмен) экономикалық (кәсіпкерлік) қызметті жүзеге асыру фактісі осы заңды тұлғалардың бірін басқасының тұрақты мекемесіне (өкілдігіне) айналдыра алмайды.

6-бап Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын табысқа (ауыл және орман шаруашылығынан алынатын табысты қоса алғанда) сол басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңы бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Осы термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл және орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықтарды, жер меншігіне қатысты заңда көзделген құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын (зиян келтірмей басқаның меншігін және одан түсетін табысты пайдалану құқығы), сондай-ақ, минералдық ресурстарды, көздерді және басқа да табиғи қазбаларды әзірлегені немесе әзірлеу құқығы үшін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе тіркелген төлемдерге арналған құқықтарды қамтиды. Теңіз және әуе кемелері, темір жол және автомобиль көліктері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе қандай да бір басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. Егер кәсіпорынның акцияларын немесе басқа да құқықтарын иелену осы акциялардың немесе құқықтардың иесіне кәсіпорынға тиесілі мүлікті пайдалануға мүмкіндік беретін болса, онда тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда осындай құқықтарды пайдаланудан түсетін табыстарға осы жылжымайтын мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері сонымен қатар кәсіпорынның

жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа және тәуелсіз жеке Қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

7-бап Экономикалық (кәсіпкерлік) қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы экономикалық (кәсіпкерлік) қызметпен айналыспаса, осындай кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын, жоғарыда айтылғанындай, өзінің қызметін жүзеге асыратын немесе жүзеге асырған болса, кәсіпорынның пайдасына басқа Мемлекетте салық салынуы,

бірақ

мыналарға:

а) осындай тұрақты мекемеге (өкілдікке);

б) тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы сатылатын тауарлармен немесе бұйымдармен бірдей немесе ұқсас тауарларды немесе бұйымдарды осы басқа Мемлекетте сатуға; немесе

в) өзінің сипаты жөнінен осындай тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметпен келетін немесе осы басқа Мемлекетте жүзеге асырылатын ұқсас кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігінде ғана салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы экономикалық (кәсіпкерлік) қызметті жүзеге асыратын немесе жүзеге асырған болса, онда осы тұрақты мекеме (өкілдік) нақ осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе оған ұқсас қызметпен айналысқан, өзі тұрақты мекемесі (өкілдігі) болып табылатын кәсіпорыннан мүлдем дербес әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын анықтау кезінде осы шығындар тұрақты мекеме (өкілдік) орналасқан Мемлекетте немесе одан тысқары жерде жұмсалған-жұмсалмағанына қарамастан басқару және жалпы әкімшілік шығындарын қоса алғанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды шегеріп тастауға болады.

Тұрақты мекеменің оның бас кәсіпорнына немесе резиденттің басқа кәсіпорындарының кез келгеніне патенттер және басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, қаламақы немесе басқа да ұқсас төлемдер төлеу жолымен немесе нақты қызметтер көрсеткені немесе менеджмент үшін комиссиялық төлеу жолымен немесе тұрақты мекемеге (өкілдікке) берілген заем үшін проценттер төлеу жолымен төленген сомаларды тұрақты мекемеге шегеріп тастауға болмайды.

4. Кәсіпорын үшін осы тұрақты мекеме (өкілдік) жасайтын тек қана тауарлар немесе бұйымдар сатып алу негізінде ғана осы тұрақты мекемеге (өкілдікке) қандай да бір пайда есептелмейді.

5. Алдағы тармақтардың мақсаты үшін тұрақты мекемеге (өкілдікке) қатысты пайда, егер белгіленген тәртіпті өзгерту үшін нақты және жеткілікті негіз болмаса жыл сайын сол және сондай тәсілмен айқындайды.

6. Егер пайда осы Келісімнің басқа баптарында жеке қаралатын табыстың элементтерін қамтитын болса, онда осы баптардың ережелері сол баптың ережелерін қозғамайды.

8-бап Халықаралық тасымал

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдарда теңіз және әуе кемелерін, темір жол және автомобиль көліктерін пайдаланудан алатын табысқа тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдарда пайдалану үшін көлік құралдарын, сондай-ақ контейнерлерді және оларға қатысты жабдықтарды жалға беруден алатын пайда, егер осындай жалға беру, жағдайға қарай, халықаралық тасымалдарда көлік құралдарын пайдалануға қатысты екінші дәрежелі болып табылса, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері сондай-ақ, бірлескен кәсіпорынға не көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға біріккен қызмет көрсетуге қатысудан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алатын пайдаға қолданылады.

9-бап Қауымдастырылған кәсіпорындар

1 . Е г е р :

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса; немесе

б) белгілі бір тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын, сондай-ақ басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе мүлкіне (капиталына) тікелей немесе жанама түрде қатысса, әрбір жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық өзара қатынастарында тәуелсіз кәсіпорындардың арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда солардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылып, оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын пайданы осы Мемлекет кәсіпорынның пайдасына қосып, тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда алғашқы аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болса, егер екі

кәсіпорынның арасындағы өзара қатынастар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағы жағдайлардай болса, онда осы басқа Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер жасауы тиіс. Осындай түзетулерді анықтау кезінде осы Келісімнің басқа ережелері қаралуға тиіс, ал Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған жағдайда бір-біріне консультация береді.

10-бап Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын заңды тұлға басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, осындай дивидендтерге сондай-ақ резиденті осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес дивидендтер төлейтін заңды тұлға болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса онда алынатын салық:

а) егер іс жүзіндегі иесі дивидендтер төлейтін заңды тұлғаның жарғылық капиталының 30 процентін тікелей иемденетін заңды тұлға болып табылса, дивидендтердің жалпы сомасының 10 процентінен аспауға тиіс;

б) қалған барлық жағдайда дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен аспауға тиіс;

Осы тармақтың ережелері дивидендтер төленетін пайдаға қатысты заңды тұлғаға салық салуды қозғайды.

3. "Дивидендтер" термині осы бапта акциялардан немесе борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ резиденті пайданы бөлетін заңды тұлға болып табылатын Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табысқа салық салуға қатысты теңестірілген басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін заңды тұлға резиденті болып табылатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын немесе жүзеге асырған болса не осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты базаға тәуелсіз жеке қызметтер көрсететін немесе көрсеткен болса немесе төленіп жүрген дивидендтерге қатысты холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге (өкілдікке) немесе тұрақты базаға қатысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың /Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда/ немесе 14-баптың /Тәуелсіз жеке қызметтер/ ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын заңды тұлға басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алатын болса, осы басқа Мемлекет,

егер осындай дивидендтер осы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге (өкілдікке) немесе тұрақты базаға қатысты болатын жағдайды қоспағанда, заңды тұлға төлейтін дивидендтерді салықтан босата алады, сондай-ақ егер төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда осындай басқа Мемлекетте туындайтын пайдадан немесе табыстан толық не болмаса ішінара тұрған күннің өзінде де заңды тұлғаның бөлінбеген пайдасына салық салынбайды.

6. Осы Келісім ережелерінің ешқайсысы да Уағдаласушы Мемлекетке осы Мемлекеттің тұрақты мекемесіне (өкілдігіне) жататын заңды тұлғаның пайдасына осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып отырған заңды тұлғаның пайдасына есептелген салыққа, егер осылай есептелген кез келген қосымша салық бұрынғы салық салынатын жылдары мұндай қосымша салық салынбаған мұндай табыс сомасының 10 процентінен аспаса, қосымша салық салуға бөгет ретінде түсінілмейді. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда тұрақты мекеме мекемесі (өкілдік) орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте өндіріп алынатын осы тармақта айтылған қосымша салықтан өзгеше барлық салықтарды шегерілгеннен кейін анықталады.

11-бап Проценттер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге тек осы басқа Мемлекетте ғана салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, осындай проценттерге, сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер алушы проценттердің іс жүзіндегі иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылай алынған салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан:

а) Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінде туындаған және облигацияларға, борыштық міндеттемелерге немесе осы Мемлекеттің Үкіметінің, осы Мемлекеттің Ұлттық банкінің, оның әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті өкімет органдарының басқа да ұқсас міндеттемелеріне қатысты төленетін проценттер осы Мемлекетте салық салудан босатылады;

б) Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінде туындайтын және облигацияларға, борыштық міндеттемелерге немесе басқа Мемлекеттің Үкіметіне, басқа Мемлекеттің Ұлттық банкіне, оның әкімшілік бөлімшелеріне немесе жергілікті өкімет органдарына басқа да ұқсас міндеттемелерге қатысты төленетін проценттер бірінші аталған Мемлекетте салық салудан босатылады.

4. "Проценттер" термині осы бапта пайдаланғанда кепілдікпен қамтамасыз етілген

немесе қамтамасыз етілмеген, борышкерлердің пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін борыштық талаптардың кез келген түрінен түсетін алынатын табысты және атап айтқанда, үкіметтік бағалы қағаздардан алынатын табысты және бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша сыйлықақылар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Төлемдерді уақытылы жасамағаны үшін салынатын айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

5. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын проценттердің іс жүзіндегі иесі проценттер туындайтын басқа Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы экономикалық (кәсіпкерлік) қызметті жүзеге асыратын болса немесе осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсететін және оның негізінде проценттер төленетін борыштық талап осындай тұрақты мекемеге (өкілдікке) немесе тұрақты базаға шын мәнінде жататын болса осы Баптың 1 және 2-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың /Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда/немесе 14-баптың /Тәуелсіз жеке қызметтер/ ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші әкімшілік-аумақтық бөлімше, жергілікті өкімет органы немесе осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, проценттер Уағдаласушы Мемлекетте туындайды деп есептеледі. Егер, алайда, проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатындығына немесе табылмайтындығына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте олар бойынша проценттер төленіп жатқан берешектің туындауына байланысты тұрақты мекемесі (өкілдігі) немесе тұрақты базасы болса және осындай проценттерді осындай тұрақты мекеме (өкілдік) немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай проценттер тұрақты мекеме (өкілдік) немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

7. Егер проценттерді төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да бір үшінші тұлғаның арасындағы ерекше қатынастардың салдарынан, оның негізінде төленетін борыштық талапқа жататын проценттердің сомасы проценттерді төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында мұндай қатынастар болмаған кезде келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға жатады.

8. Егер оған қатысты проценттер төленетін борыштық талаптарды құруға немесе беруге байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі борыштық талаптарды құру немесе беру жолымен осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

12-бап Роялти

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялтиге, олар туындайтын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ алушы роялтидің іс жүзіндегі иесі бола отырып басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда мұндай әдіспен алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспайды.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланғанда әдебиет, өнер және ғылым шығармаларына (кино, теле, бейнефильмдер немесе радио хабарлары мен теледидар үшін жазбалар, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз ету), кез келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін (ноу-хау) сыйақы ретінде алынған төлемнің кез келген түрін және өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төленетін төлемдерді білдіреді.

4. Егер роялтидің іс жүзіндегі иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып роялти туындайтын басқа Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы экономикалық (кәсіпкерлік) қызметті жүзеге асырса немесе сол басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты базамен тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және оған қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік Тұрақты мекемемен (өкілдікпен) немесе тұрақты базамен іс жүзінде байланыста болса, осы Баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, ретіне қарай осы Келісімнің 7-бабының /Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда/ немесе 14-бабының /Тәуелсіз жеке қызметтер/ ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші әкімшілік бөлімше, жергілікті өкімет органы немесе осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте туындады деп есептеледі. Егер, алайда, роялти төлеуші тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатындығына немесе табылмайтындығына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте роялти төлеу міндеттемесінің туындауына байланысты тұрақты мекемесі (өкілдігі) немесе тұрақты базасы болса және мұндай роялти осы тұрақты мекемемен (өкілдікпен) немесе тұрақты базамен байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме (өкілдік) немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте туындады деп есептеледі.

6. Егер проценттерді төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да бір үшінші тұлғаның арасындағы ерекше қатынастардың салдарынан, оның негізінде төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа жататын роялтидің сомасы роялти төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында мұндай қатынастар

болмаған кезде келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға жатады.

7. Егер оған қатысты роялти төленетін құқықтарды құруға немесе беруге байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі құқықтарды осындай құру немесе беру жолымен осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

13-бап Мүлікті иеліктен айырудан түсетін табыстар

1. Осы Келісімнің 6-бабында /Жылжымайтын мүліктен түсетін табыс/айтылған және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен айырудан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алатын табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің:

а) басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен тікелей немесе жанама құнын немесе оның құнының үлкен бөлігін алатын ресми танылған биржада нақты және тұрақты негізде сататын акцияларды, акциялардан өзгелерді, н е м е с е

б) мүлкі, негізінен, басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен немесе жоғарыдағы (а) тармақшасында аталған акциялардан тұратын серіктестіктегі немесе сенімгерліктегі үлесті;

иеліктен айырудан алған табыстарына осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің (өкілдіктің) өндірістік мүлкінің бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен айырудан немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі Уағдаласушы Мемлекет резидентінің иелігінде орналасқан тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен алынған табыстарға, мұндай тұрақты мекемені (өкілдікті) (жеке өзін немесе барлық кәсіпорынмен бірге) немесе мұндай тұрақты базаны иеліктен айырудан алынатын мұндай табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз, әуе кемелерін, теміржол және автомобиль көліктерін немесе мұндай көлік құралдарын пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен айырудан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған табыстарға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

5. Осы Баптың 1, 2, 3 және 4-тармақтарында айтылмаған қандай да бір мүлікті иеліктен айырудан алынатын табыстарға иеліктен айыратын тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

14-бап Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің кәсіби немесе тәуелсіз сипаттағы басқа қызметіне қатысты табысына, егер мұндай қызмет көрсетулер басқа Уағдаласушы Мемлекетте көрсетілмесе немесе көрсетілмеген болса осы Мемлекетте ғана салық салынады ; және

а) табыс жеке тұлғада басқа Мемлекетте тұрақты түрде бар немесе болған тұрақты базаға қатысты болса ; немесе

б) мұндай жеке тұлға тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы алғанда 183 күннен асатын кезеңнің немесе кезеңдердің ішінде осы басқа Мемлекетте болса немесе болған болса ғана.

Мұндай жағдайда, қызмет көрсетуге байланысты табысқа пайданың сомасын анықтау және кәсіпкерлік пайданы тұрақты мекемеге (өкілдікке) жатқызу үшін осы Келісімнің 7-бабында /Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда/ айтылған принциптерге , ұқсас принципке сәйкес осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіби қызмет көрсетулер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе педагогикалық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің, бухгалтерлер мен аудиторлардың тәуелсіз қызметін қамтиды.

3. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "тұрақты база" термині ол арқылы тәуелсіз жеке қызмет көрсететін жеке тұлғаның қызметі толық немесе ішінара жүзеге асатын кабинет , офис сияқты кез келген тұрақты орынды білдіреді.

15-бап Тәуелді жеке қызметтер

1. Осы Келісімнің 16 /Директорлардың сыйақылары/, 18 /Зейнетақы және басқа осы сияқты төлемдер/, 19 /Мемлекеттік қызмет/ баптарының ережелерін ескере отырып, жалдау бойынша жұмысқа байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алатын жалақы және басқа да осы сияқты сыйақы, егер тек жалдау бойынша жұмысқа басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылмаса, осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалдау бойынша жұмыс осылайша жүзеге асырылса, осыған байланысты алынатын сыйақыға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын жалдау бойынша жұмысқа байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алатын сыйақыға алғашқы айтылған Мемлекетте ғана салынады

е г е р :

а) алушы тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы алғанда 183 күннен аспайтын кезеңнің немесе кезеңдердің ішінде басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүрсе, және

б) сыйақыны басқа Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы немесе жалдаушының атынан төлесе, және

в) сыйақы жалдаушының басқа Мемлекеттегі тұрақты мекемесі (өкілдігі) немесе тұрақты базасы төлемесе.

3. Осы баптың бұның алдындағы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын көлік құралдарының бортында жүзеге асырылатын жалдау бойынша жұмысқа байланысты сыйақыға көлік құралын пайдаланатын кәсіпорын резидент болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

16-бап Директорлардың сыйақылары

Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті директорлар кеңесінің мүшесі немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын заңды тұлғаның оған ұқсас органы ретінде алған директорлық және оған ұқсас төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап Артистер мен спортшылар

1. Осы Келісімнің 14-бабының /Тәуелсіз жеке қызметтер/ және 15-бабының /Тәуелді жеке қызметтер/ ережелеріне қарамастан, өнер қызметкері (театр, кино, радио, теледидар, сазгер секілді) мен спортшының жеке қызметінен алған табысына олардың қызметі жүзеге асырылған Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкері мен спортшының жеке қызметінен алған табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа адамға есептелсе, онда бұл табысқа, осы Келісімнің 7 /Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда/, 14 /Тәуелсіз жеке қызметтер/ және 15 /Тәуелді жеке қызметтер/ баптарының ережелеріне қарамастан, өнер қызметкері немесе спортшы өзінің қызметін жүзеге асыратын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Осы баптың 1-2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің өнер қызметкері немесе спортшы ретінде өзінің жеке қызметінен алған табысына, егер қызмет Үкіметаралық Келісімдердің негізінде мәдени немесе спорттық алмасу бойынша бағдарламаның шеңберінде басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылса тек осы Мемлекетте салық салынады.

18-бап Зейнетақылар мен басқа да ұқсас төлемдер

1. Осы Келісімнің 19-бабының /Мемлекеттік қызмет/ 2-тармағының ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрынғы жұмысына қатысты төленетін зейнетақылар мен басқа да ұқсас сыйақы және мұндай резидентке төленетін кез келген аннуитетке тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. "Аннуитет" термині мұндай төлемдерді баламалы және толық өтеу орнына ақшалай және құндық мәнде төлеу міндеттемесіне сәйкес өмір сүру кезеңінің ішінде не белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде белгіленген уақытта жеке тұлғаға кезең-кезеңмен төлеуге жататын соманы білдіреді.

19-бап Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласушы Мемлекеттің әкімшілік аумақтық бөлімшесінің немесе жергілікті өкімет органының кез келген жеке тұлғаның осы Уағдаласушы Мемлекеттік әкімшілік-аумақтық бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы үшін жүзеге асырған қызметіне төленетін зейнетақыдан өзге сыйақыға осы Мемлекетте ғана салық салынады ;

б) Алайда, мұндай сыйақыға, егер қызмет осы басқа Мемлекетте жүзеге асырылатын болса және осы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға:

(I) осы мемлекеттің азаматы болып табылса; немесе

(II) мұндай қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Мемлекеттің резиденті болмайтын болса, басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

2. а) Уағдаласушы Мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бөлімшесі немесе оның жергілікті өкімет органы төлейтін немесе олар құрған қорлардан жеке тұлғаға Уағдаласушы Мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бөлімшесі немесе оның жергілікті өкімет органы үшін жүзеге асыратын қызметі үшін жеке тұлғаға олар құрған қорлардан төленетін кез келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады;

б) Алайда, осындай зейнетақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса салық салынады.

3. Осы Келісімнің 15 /Тәуелді жеке қызметтер/, 16 /Директорлардың сыйақылары/ және 18 /Зейнетақы және басқа төлемдер/ баптарының ережелері Уағдаласушы Мемлекет әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті өкімет органдарының экономикалық (кәсіпкерлік) қызметтерді орындауына байланысты жүзеге асырылатын қызметтерге қатысты төленетін сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

20-бап Студенттер

Бір Уағдаласушы Мемлекетке тікелей барғанға дейін басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылған немесе болып табылатын және бірінші аталған Мемлекетте тек білім алуы және тағлымдамадан өтуі мақсатында ғана тұрып жатқан студенттің немесе стажердің алған, өзінің тұруы, білім алуы немесе тағлымдамадан

өтуі мақсатында алған төлемдерге, егер осындай төлемдердің көздері басқа Мемлекетте болса, бірінші аталған Мемлекетте салық салынбайды.

21-бап Басқа да табыстар

1. Осы Келісімнің мұның алдындағы баптарында айтылмаған, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің табыс түрлері олардың көздерінің пайда болуына тәуелсіз тек осы Мемлекетте ғана салық салуға жатады.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын төмендегі табыстарды алушы басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы экономикалық (кәсіпкерлік) қызметпен айналысса немесе осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан онда тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және табыстар төленіп отырған құқық немесе мүлік осындай тұрақты мекемемен (өкілдікпен) немесе тұрақты базамен байланысты болса, 6-баптың / Жылжымайтын мүлік/ 2-тармағында айқындалғанындай, жылжымайтын мүліктен алынған табыстардан өзге табыстарға осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай кезде жағдайға байланысты осы Келісімнің 7 /Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда/ немесе 14 /Тәуелсіз жеке қызмет көрсетулер/ баптарының ережелері қолданылады.

22-бап Мүлік (капитал)

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне жататын және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан осы Келісімнің 6-бабында /Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс/ айтылған жылжымайтын мүлік түріндегі мүлікке (капиталға) осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің (өкілдіктің) өндірістік мүлкінің бөлігі болып табылатын жылжымалы мүлік (капитал) түріндегі немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттарымен Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі билік ететін тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлік түріндегі мүлікке осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз, әуе, темір жол немесе автомобиль көлігі түріндегі, сондай-ақ осы көлік құралдары қызметіне қатысты жылжымайтын мүлік түріндегі мүлікке (капиталға) тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан активтері жылжымайтын мүліктен тұратын компаниялардың акциялар немесе басқа корпоративтік құқықтар түріндегі мүлікке (

капиталға) осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

5. Уағдаласушы Мемлекет резиденті мүлкінің барлық басқа элементтеріне тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

23-бап Қосарланған салық салуды жоюдың әдістері

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс тапса немесе мүлікке (капиталға) иелік етсе бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекет:

i) осы резиденттің табысына салынатын салықтан басқа Уағдаласушы Мемлекетте төленетін табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға;

(ii) осы резиденттің мүлкіне (капиталға) салынатын салықтан басқа Уағдаласушы Мемлекетте төленген мүлікке (капиталға) салынатын салыққа тең соманы шегеріп т а с т а у ғ а м ү м к і н д і к б е р е д і ;

Жоғарыда келтірілген ережелерге сәйкес шегерілген салықтың мөлшері бірінші Уағдаласушы Мемлекетте қолданылып жүрген ставкалар бойынша осындай табысқа есептелетін салықтан жоғары болмауы тиіс.

2. Егер осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті табыс алса немесе тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын мүлікті (капиталды) иеленсе, бірақ, осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салуға ұшырайтын осындай басқа табысқа немесе мүлікке тек салық ставкаларын белгілеу мақсаттары үшін ғана, бірінші Уағдаласушы Мемлекет осы табысты немесе мүлікті (капиталды) салық салу базасына енгізе алады.

24-бап Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары нақ осындай жағдайларда осы басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалық салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге басқа Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамайды. Осы Келісімнің 1-бабының (Келісім қолданылатын тұлғалар) ережелеріне тәуелсіз, осы ереже, сондай-ақ бір немесе екі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға қатысты да қ о л д а н ы л а д ы .

2. Азаматтығы жоқ, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын тұлғалар салық салуға немесе ұлттық тұлғалар ұшырауы мүмкін салық салуға және оған байланысты міндеттемелерге қарағанда оған байланысты міндеттемелерге, өзге немесе біршама ауыртпалықты міндеттемелерге байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің ешқайсысында ұшырамауы тиіс.

3. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте

иеленіп отырған тұрақты мекемеге (өкілдікке) салық салу осындай қызметпен айналысатын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорнына салық салуға қарағанда осы басқа Мемлекетте қолайсыздау болмайды.

4. Осы баптың ережелері бір Уағдаласушы Мемлекетті басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне оларды салық төлеуден және азаматтық мәртебе немесе өзінің төл резидентіне беретін отбасы міндеттемелері негізінде салық салу бойынша қандай да бір жеке жеңілдіктер, шегерімдер және жеңілдіктер берілетіндей болып п а й ы м д а л м а у ы т и і с .

5. Осы Келісімнің 9-баптың /Ассоциацияланған кәсіпорындар/ 1-тармағының, 11-баптың /Проценттер/ 7-тармағының немесе 12-баптың /Роялти/ 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорындардың пайдасын айқындау мақсатында бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне олар қалай төленсе, осылайша шегеріп тастауға жатады. Осы секілді Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне кез келген қарызы осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын (мүлкін) айқындау мақсатында бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне қалай шегерілсе, осылайша шегеріліп тасталады.

6. Басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе тікелей не жанама бақылауында болатын бір Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының мүлкі (капиталы) бірінші аталған Мемлекеттің осындай кәсіпорындар ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан болмаса осыған байланысты кез келген міндеттемелерден өзгеше болмаса анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын салық салу міндеттемелеріне немесе соған байланысты қандай да бір міндеттемелерге бірінші аталған Мемлекетте ұшырамауы тиіс.

25-бап Өзара келісу рәсімі

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің резиденті болып табылатын тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар ететін болады деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ұлттық заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оны бастан кешірген жағдайы осы Келісімнің 24-бабының 1-тармағына қатысты болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарының қарауына бере алады. Арыз Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғаш хабарланған сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол шағымды орынды деп есептесе және өзі

қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Келісімнің сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңдарында бар қандай да бір уақытша шектеулерге қарамастан орындалуы тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Осы Келісімнің ережелерін орындауға байланысты барлық даулар келіссөздер және консультациялар арқылы шешіледі.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мұның алдындағы тармақтарды келісуге және түсінуге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады. Егер қол жеткізу үшін ауызша пікір алысуды ұйымдастыру қажет болса, осындай пікір алысу Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын комиссия мәжілісі шеңберінде өткізілуі мүмкін.

5. Егер, осы Келісімді пайымдауға немесе қолдануға байланысты туындаған кез келген даулар немесе пікір қайшылықтары осы баптың алдағы тармақтарына сәйкес құзыретті органдармен шеше алмаса, егер, салық төлеуші төрелік соттың шешімін мойындауға міндетті деп жазбаша түрде келісім берсе құзыретті органдар мен салық төлеушілердің келісімімен мәселе төрелік соттың қарауына берілуі мүмкін. Төрелік соттың нақты мәселе жөніндегі шешімі екі Мемлекет үшін де міндетті болып табылады. Мемлекеттер осындай мәселелердің қарау рәсімін дипломатиялық арналар арқылы белгілейді. Осы Келісім күшіне енгеннен соң алдағы үш жылдық кезең өткеннен кейін құзыретті органдар дипломатиялық ноталармен алмасудың дұрыстығын айқындау үшін бір-бірімен кеңеседі. Осы тармақтың ережесі Мемлекеттер дипломатиялық ноталармен алмасу арқылы келісімге қол жеткізілген соң күшіне енеді.

26-бап Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін немесе салық салу әзірше Келісімге қайшы келмейтіндей дәрежеде, атап айтқанда, салық төлеуден жалтару үшін осы Келісім қолданылатын салықтарға қатысты осы Келісімнің ережелерін немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңдарын орындау үшін қажетті ақпарат алмасып тұрады. Ақпарат алмасу осы Келісімнің 1-бабының / Келісім қолданылатын тұлғалар/ ережелерімен шектелмейді. Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдары алатын кез келген ақпарат, сондай ақ осы Мемлекеттің ұлттық заңдарының шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және осы Келісім қолданылатын салықтарға қатысты шағымдарды бағалаумен немесе жинаумен, күшпен жинап алумен немесе тиісті сот қудалауымен немесе қарауымен айналысып жатқан тұлғаларға немесе органдарға ғана (соның ішінде

соттар мен әкімшілік органдарын қосқанда) хабарланады және тек осындай мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде аша алады.

2. Ешқандай жағдайда осы Баптың 1-тармағының ережелері Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарына:

а) сол немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік тәжірибесіне қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) сол немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша немесе әдеттегі әкімшілік тәжірибесі барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

в) қандай да бір сауда, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны не сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат не ашылуы мемлекеттік саясатқа қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынасында пайымдалмауы тиіс.

27-бап Дипломатиялық өкілдіктердің және консулдық қызметтердің қызметкерлері

Осы Келісімнің ешқандай ережесі дипломатиялық өкілдіктердің және консулдық қызметтер қызметкерлерінің халықаралық құқықтың жалпы нормалары берген немесе арнаулы келісімдердің негізінде берілген салықтық артықшылықтарын қозғамайды.

28-бап Күшіне енуі

Уағдаласушы Мемлекеттердің осы Келісімнің күшіне ене бастауы үшін қажетті барлық ішкі мемлекеттік рәсімдеулердің аяқталғаны туралы дипломатиялық арна бойынша жіберілген соңғы хабардардың күнінен бастап осы Келісім күшіне енеді.

Келісім өз күшіне енгеннен кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан және 1 қаңтардан соң бастап салық салынатын кезеңдегі барлық салықтарға қатысты қолданылады.

29-бап Қолданылу күшін тоқтату

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның күшін тоқтатпайынша күшінде қала береді. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет кез келген күнтізбелік жылдың аяқталуынан кемінде 6 ай бұрын осы Келісімнің қолданылу күшін тоқтату туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлай отырып осы Келісімнің күшін тоқтата алады. Мұндай жағдайда осы Келісімнің ережелерін қолданылу тоқтатылады:

а) осы Келісімнің әрекетті тоқтағаннан соң күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан немесе бірінші қаңтардан төленетін табыстар сомасына қатысты көздерден алынған табыстарға арналған салықтарға;

б) осы Келісімнің әрекеті тоқтағаннан соң күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан

немесе бірінші қаңтардан басталатын салық салу кезеңіне қатысты табыстарға арналған
б а с қ а с а л ы қ т а р ғ а ;

в) осы Келісімнің әрекеті тоқтағаннан соң күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан
немесе бірінші қаңтардан осы салықтарды алуға қатысты мүлікке арналған салықтарға.

Өкілдік берген төменде қол қоюшы өкілдер осыны растап, осы Келісімге қол қойды

Душанбе қаласында 1999 жылғы 16 желтоқсанда қазақ, тәжік және орыс тілдерінде
екі дана етіп жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін пайымдауда пікір қайшылығы туындаған жағдайда
Уағдаласушы Мемлекет орысша мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы үшін *Тәжікстан Республикасы үшін*

М а м а н д а р :

Б а г а р о в а Ж . А .

Қасымбеков Б.А.